





«БЕКІТЕМІН»
Қызылорда облысының білім баскармасының
Арал ауданы бойынша Бейім болімінің
«№281 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің директорының уақытша
міндетін атқарушы  К.Абдрахманов
«01» 09 2023 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»
іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

Тәрбие ісі жөнінің орынбасары:  М.Қалабаев

ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ҚҰЖАТТАР

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы;

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы;

«Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі;

«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы ҚасымЖомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы;

Мемлекет басшысының «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар);

Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар).

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз)

«Өділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

ӘДІЛЕТТИ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ. 1 сәуір, 2023 жыл

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелен жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру үйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанның құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру үйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1.Ата-ананың өсietін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- 2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абырайлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- 4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- 5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының

маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастының қорғауды борышым деп санайды және үлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұрага ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мұддесінекізмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшінкізмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық миасты, мәдениетті дәріптеїді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адаптация болу;
- Халқына адаптация қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыйыптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыйыптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анаына сүйіспеншілікпенқарайды;
- Достарын, сыйыптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орналастыру;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайтын;
- Дұрыс татақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайтын;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденимпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсныымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұснылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұснылу тәртібі қазіргі балалардың жас жәнепсихологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жүмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлышы әдебі мен өзін-өзі ұсташа мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану; ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік түрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын көнектізу;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұснылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- 15 жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдептерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрагаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялышарының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насиҳаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұластығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар үйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын

дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру үйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру үйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын үйымдастырады.

Білім беру үйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімберу) басшысының (меншерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін үйимдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды үйимдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру үйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жүртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастырының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортанды, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да занды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзараәрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, **#БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ХЕШТЕГІН ТЕГТЕУ**

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайларминистрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

Қазақстан халқы Ассамблеясы

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының тұған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясаудің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жүлдөздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бекейдің туғанына 80 жыл

№	Iс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар
1	«Мектеп – мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жасаса» жобасы)	МАД, 1-4 Сыныптар 5-9 сыныптар	«Мектепке жол» акциясы	1.08-30.09.2023ж	Демеушілер, жеке кәсіпкерлер, еріктілер т.б	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Тәлімгер Педагог- психолог Әлеуметтік педагог
2	1 қыркүйек – Білім күні салтанатты жиын Білім күнін және «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық челленджі Хәштег: Bilim_quni Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар: «Мектепке алғашқы қадам», «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып –	МАД, 1-4 Сыныптар 5-9 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары бейнеролик	1.09.2023ж	Білім беру ұйымдары, білім саласының ардагерлері т.б	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші Тәлімгер Кітапхана Педагог психолог Әлеуметтік педагог

	<p>өмірдің жаңа кезеңі»</p> <p>«Жазғы каникулдан жарқын естелік»</p> <p>«Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім»</p> <p>«Сәлем, жаңа оқу жылы»</p> <p>«Менің саяхатым», «Менің тұған өлкем»</p> <p>«Жазғы демалыста мен жасаған иғі іс»</p> <p>«Менің үлкен сыныптастарым»</p> <p>«Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда»</p> <p>«Мектебім, менің мектебім!»</p>	<p>1-сыныптар</p> <p>2-сыныптар</p> <p>3-сыныптар</p> <p>4-сыныптар</p> <p>5-сыныптар</p> <p>6-сыныптар</p> <p>7-сыныптар</p> <p>8-сыныптар</p> <p>9-сыныптар</p>				
3	Діни экстремизмнің алдын алу	Діни өкілдерімен кездесу	Анықтама	04.09.23	Арал ауданының теолог мамандары	ДТЖО ҚББ
4	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау;	5-9 сыныптар	Хаттама	04.09 – 09.09.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Қббп
	Наркопост мүшелерін сайлау; Наркологиялық бекеттердің жылдық жұмыс жоспарын бекіту.				Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖ Наркопост жетекшісі
5	(«Жеткіншектің жесті жарғысы» жобасы) Мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-әсілдерін көрсету, қазақстан халқының тілдері	5-9 сыныптар	Мектепішілік онқундік шара Қазақстан халқының тілдері күніне арналған	4-15.09.2023ж	Арал аудандық тілдер орталығымен байланыс, Арал ауданының білім бөлімі	Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын бірлестік жетекшілері

	күніне арналған іс-шаралар		акциялар, тұрлі іс-шаралар			
6	«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу болдырмау мақсатында бірлескен жұмыстар жоспарын жасау, «Медиация» қайта құру	1-9 сыныптар	жоспар	5.09.23	ҚР ПМ қарасты жергілікті жол полициясы, Арал ауданының білім бөлімі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, әлеуметтік педагог
7	«Жолда жұру ережелерін білесін бе?»	1-4, 5-8 сыныптар	Тәрбие сағаты	4.09.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі, жол полициясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі Орынбасары, сынып жетекшілер
8	«Сергіту сәті» Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, тұрлі іс-шаралар #физкультминутка #зож #менспроттыңдаймын #явыбираюспорт	1-9 сыныптар	«Тогыз айга тогыз шара» жобасы челлендж	8.09.2023ж 10:00	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Дене шынықтыру пәні бірлестігі, Сынып жетекшілер
9	«Жасай бер, жайна, Қызылордам!» Қызылорда обл 85 жылдық іс-шара жоспарын жасау, жоспар бойынша жұмыстарды үйимдастыру	1-сыныптар 2-сыныптар	сынып сағаты	11-15.2023 ж	Арал аудандық әкімшілігі, ауданының білім бөлімі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші
	«Мен және менің қалам» фото коллаж жасау	3-сыныптар 4-сыныптар		11-15.2023 ж	Арал аудандық әкімшілігі, ауданының білім бөлімі	Қыл қалам үйірмесі

	«Бойында дарияның, керіле аққан» тәрбие сағаты	5,6,7-сыныптар	тәрбие сағаты	11-15.2023 ж	Арал аудандық әкімшілігі, ауданының білім бөлімі	А.Дәрібаева
	«Күз ханшайымы» байқау «Алтын дән - 2023» дәнді дақылдардан жасалған қол өнері	8-сыныптар 9-сыныптар 8,9,-сыныптар	қол өнер	11-15.2023 ж	Арал аудандық әкімшілігі, ауданының білім бөлімі	Көркем еңбек пән мұғалімдері
	«Қараша күз келді» мәнерлеп оқу сайысы «Беркелі, мерекелі күз келді» эссе байқауы	4- сыныптар 9-сынып	байқау	11-15.2023 ж	Арал аудандық әкімшілігі, ауданының білім бөлімі	Қазақ тілі бірлестігі
	«Алтын күз келді бақшама»	Шағын орталық	ертеңгілік	11-15.2023 ж	Арал аудандық әкімшілігі, ауданының білім бөлімі	Шағын орталық
10	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау;	5-9 сыныптар	Хаттама	11.09 – 16.09.23	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі, Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Қосымша білі беру маманы
11	«Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыры М.Жұмабаевтың 130жылдығына» орай	1-4 сыныптар	«Балалар кітапханасы» жобасы	13.09.2023	Кітапханалар байланысы	Кітапханаши

12	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) «Әкелер кеңесі», «Аналар мектебі», «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» мүшелерін сайлау, жоспарын бекіту.	1-9 сыныптар	Ата-аналар жиналышы, ата-аналар жиналышының хаттамасы	14-15.09.2023	Ата-аналар академиясы	Мектеп әкімшілігі
13	«Ел бұғашіл, менікі ертеңгі үшін» «Жемқорлық адамның жауы» («Еңбегі адап жаса өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	видеоролик байқауын өткізу; Әлеуметтік желіге жариялау	18.09-23.09.23	Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі, Арап ауданының білім бөлімі	«Адал ұрпак» ұйымы Қосымша білім беру маманы
14	«Балалар және театр» жобасы мүшелерінің I отырысы	1-9 сыныптар	Хаттама	18.09-23.09.23	Арап ауданының білім бөлімі	Мектеп театры мүшелері
15	Парламент ұйымын қайта құру (өзін-өзі басқару) («Еңбегі адап жаса өрен» жобасы)	8-9 сыныптар	сайлау	18-22.09.2023	Мектеп парламенті	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тәлімгер
16	«Табиғат-адам-қоғам» оқушылары арасында дебат өткізу	8-9 сынып жетекшілері	Анықтама	18.09-23.09.23	Дебат клубы	Дебат клубы мүшелері
17	«Қожа Ахмет Ясаудіңхәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясаудің туғанына 930 жыл «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы		конкурс	19-28.09.2023	Қожа Ахмет Ясауди атындағы университетпен байланыс	Бірлестік жетекшілері Бейін ісі орынбасары
18	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адап жаса өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сагаты	22.09.2023ж	Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі, Арап ауданының білім бөлімі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,

						КББП
19	«Кітапқа жазылмағантарих» атты Ерлік сабактары (<i>«Жеткіншектің жетің жарғысы» жобасы</i>)	5-9 сыныптар	ҚР Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ардагерлері мен әскери қызметшілерімен, заманымыздың батырларымен кездесу	25-29.09.2023	Арал ауданының білім бөлімі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, «Жас Сарбаз» қозғалысы, БӘД жетекшісі
	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Біз біргемізә»	1-4 сыныптар	Конкурс черлидерлер, отбасылық эстафеталар, флеши mob	28-30.09.2023	ҚР ПМ қарасты жергілікті полициясы, Арал ауданының білім бөлімі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Тәлімгер Мектеп парламенті
	Ұлттық мектеп лигасының ашылуы «Мектеп спорты»	5-7 сыныптар	спортық акция	28-30.09.2023	Арал ауданының білім бөлімі	Спорт фракциясы, дene шынықтыру мұғалімдері
	««Ертеңінді ойласаң есірткіге жолама» спорт ойындары күні	8-9 сыныптар	Спорт ойындары	28-30.09.2023	Арал ауданының білім бөлімі	Спорт фракциясы, дene шынықтыру мұғалімдері
20	«Қарттарым - асыл қазынам» 1 қазан қарттар күні	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	29.09.2023	Ардагерлер кеңесі	ДТЖО Сынып жетекшілер
	«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды»	9-сынып	дебат	28-30.09.2023	Арал ауданының білім бөлімі	Дебат клубы

дебат					
«Аталар сөзі – тәрбие көзі» кездесу	7-сыныптар	кездесу	28-30.09.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ҚББП
«Әке - асқар тау, ана – қайнар бұлак» әссе байқауы	8-сыныптар	әссе байқауы	28-30.09.2023	Арал ауданының білім бөлімі	Қазақ тілі бірлестігі
«Әке жолы - ізгі жол» сахналық қойылым	6 сынып	сахналық қойылым	28-30.09.2023	Арал ауданының білім бөлімі	Тәлімгер Театр
Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жүлдізы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл орай «Артқыға қалар сөз- Мағжан сөзі»	9 сынып	тәнтымдық кеш	28	Арал ауданының білім бөлімі	қазақ тілінің мұғалімі Жантөреева В
Махамбеттің 120 жылдығы на орай тақырыптық кеш	6 сынып	тәнтымдық кеш	28	Арал ауданының білім бөлімі	қазақ тілінің мұғалімі А.Ақберегенова

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жүлдізы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жузеге асыруышы жауапты мамандар
1	«Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хәштегі	1-9 сыныптар	(«Балалар кітапханасы» жобасы)	02.10-06.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Кітапхана
2	Даналық мектебі (ЖОБА)	Бірлескен жұмыс	жоспарын жасау	02.10-06.10.23	«Аталар» «Әжелер» «Аналар»	Мектеп әкімшілігі Тәрбие мамандары, Тәлімгер ҚБП

					«Өкелер» клубы	
3	«Ұлы даға перзентімін» ұстаздар күніне орай өзін өзі басқару күні	1-9 сыныптар	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) сынып сабакты	03.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Мектеп парламенті Тәлімгер
	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» Ұстаздар мерекесіне арналған «Менің алғашқы ұстазым!» видеоролик	1-сыныптар	видеороликтер т.б	02.10-06.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	Сынып жетекшілер
	«Ұстазым, менің Ұстазым!» құттықтау	2-сыныптар	құттықтау	02.10-06.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	Сынып жетекшілер
	«Ұлағатты ұстаз» кездесу «Ұстаз – ұлы есім» кездесу	3-сыныптар 4-сыныптар	кездесу	02.10-06.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	ҚББП
	«Ұстаздық еткен жалықпас» тәрбие сабакты	5-сыныптар	тәрбие сабакты	02.10-06.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	Сынып жетекшілер
	«Менің сүйікті ұстазым» сұхбат	6-сыныптар	сұхбат	02.10-06.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	Сынып жетекшілер
	«Тағылымды ұстаз» құттықтау	8-сыныптар	құттықтау	02.10-06.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	Сынып жетекшілер
	«Алтын жүректі ұстаз» видео-эссе «Менің арманымдағы ұстаз» шығарма	9-сыныптар	шығарма	02.10-06.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	Сынып жетекшілер
4	«Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні» ПБ-ның қызметкерлері кездесу	8-9 сынып ер балаларымен түсіндірме жұмыстарын жүргізу;	Хаттама	06.10.23	ПБ-ның қызметкерлері , Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
5	Эссе байқауы: «Әлемді зорлық-зомбылықсыз қалай жасауға болады?»	9 сыныптар	Анықтама	09.10-13.10.23	ПБ-ның қызметкерлері Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші, психолог, әлеуметтік педагог
6	11 қазан халықаралық «Қыздар күніне» орай жоспар жасап,	5-9 сыныптар	Анықтама	09.10-14.10.23	Қыздар клубы	Қыздар клубының мүшелері

	бекіту; «Қыз қылығымен сүйкімді» қыздар клубының отырысы.					
7	«Оқушы келбеті қандай болу керек?» Дебат	8-9 сыныптар	Анықтама	09.10-14.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	Дебат фракциясы
8	«Тұлғаның ақпараттық – психологиялық қауіпсіздігі»	психологиялық сафат өткізу	Анықтама	09.10-14.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	Педагог психолог
9	«Денсаулықтың 6 шарты – таза аяу, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш үйкі, көтерінкі көңіл- күй, күйзеліске түспеу»	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс- шара	11.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі, жергілікті денсаулық сақтау үйымдары	ДТЖО Педагог-психолог, Аяжан
10	«Қауіпсіз мектеп» акциясы «Бағдаршам әліппесі» «Қауіпсіз терезе» Абайлаңыз, балақай! «Мен және менің инспекторым»	1-сыныптар 2-сыныптар 3-сыныптар 4-сыныптар	Сыныптан тыс шара	09-13.10	жол полициясы , Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Тәлімгер, ҚЖИ
	«Әлеуметтік желідегі қауіпсіз әлем»	7-8 сыныптар	жиналыш	09-13.10	Арал ауданының білім бөлімі	Инф мұғалімі, психолог, әлеуметтік педагог, аяжан

	«Буллинг және оның алдын алу» «Буллинг – оқушы, қамқор атана» «Өрт қауіпсіздігі» «Буллинг күрбаны - жасөспірімдер» «Суицид - қоғамдағы ірі проблемалардың бірі...»	5-сыныптар 6-сыныптар 7-сыныптар 8-сыныптар 9-сыныптар		09-13.10		
11	Ұлттық ұндылықтың бірі - Ккиіз басу өнері	қыздармен жұмыс		10.12.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	Үйірме жетекшісі С.Жүрімбаева
	ЖАҚСЫ ӘКЕСІЗ ЖАҚСЫ ТӘРБИЕ БОЛМАЙДЫ	әкелермен жұмыс		12.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Психолог
12	«Жүрек жылуды»	5-7 сыныптар	ата-аналарға арналған тренинг	14.10.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекшілер Психолог
13	«ӨСКЕЛЕҢ ҮРПАҚТЫ ДАРА ЖОЛЫ»	1-9 сыныптар	сынып жетекшілерінің онқұндігі	16-26.10.23ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО сынып жетекшілер
14	«Жақұты барға жасын түспейді Әдебиетке балалықты әкелген Б.Сокпақбаевтың шығармаларын оқу»	1-4 сыныптар	(«Балалар кітапханасы» жобасы)	18.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	Кітапхана Сынып жетекші
15	«Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткендісаралтап, келер күнді бағамда»	5-9 сыныптар	Сыныптастыс іс-шара	19.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші,
16	«Бес нәрсеге асықбол...» «Жеткіншектің ЖетіЖарғысы») «Даналық мектебі»	1-4 сыныптар 5-8 Сыныптар	Сыныпсағаты	20.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші

	«Менің бизнес идеяларым» ({Еңбегі адал жас өрен} жобасы)	9-сынып	челендж	20.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	Сынып жет ПДО
17	«Еліне елеулі жандар» ата-аналардың жұмыс орнынан репортаж сайысы		репортаж сайысы	20.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	бейінді істер жөніндегі орынбасары
18	«Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында Республика күні «Әнұран орындау» члендже	1-9 сынып жетекшілері	Анықтама члендже	23.10.2023ж сағ 12.00	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
19	Республика күніне орай шаралар үйімдастыру	1-9 сыныптар	жоспар	23-28.10	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Тәлімгер
20	«Ата-анаммен өткізген бір күнім» ({«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы})	1-9сыныптар	Ата-аналар академиясы	27.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
21	«Өнегелі өмір» ({«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы})	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	27.10.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабактастырын насиҳаттау ({«Еңбегі адал жас өрен» жобасы})	5-сыныптар	Танымдық сағаты	27.10	Арал ауданының білім бөлімі	ҚББП
22	Абай мұрасы – халық дاناалығы	7 сыныптар	Танымдық сағаты	30.10.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ҚББП
23	«Бір отбасы – бір кітап»	1-4 сынып	отбасылық оқу	30.10-05.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО кітапханашылар
24	Күзгі демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары	1-9 сыныптар	Жоспар	30.10-05.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО ҚББП

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар
1	«2023-2024 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері» атты бірыңғай ата-аналар жиналышын өткізу	1-9 сыныптар	Хаттама	01-02.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі 1-11 сынып жетекшілері
	"Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбеймін"	7-9 сыныптар	конференция	06-11.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп Парламенті
2	«Тенге – ұлттық құндылығымыз»	1-9 сыныптар	Дебат Анықтама	06-11.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	Дебат фракциясы
4	«Есірткі және құқықбұзушылық!»	5-11 сынып	Жиналыш Хаттама	06-11.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	Тәрбие бөлімі 5-11 сынып жетекшілері, құқық фракциясы
5	«Мейірімділік керуені» «Қоржын» қайырымдылық акциясы аясында үлес қосқан меценаттар мен демеушілермен кездесу	5-9 сыныптар	Қайырымдылық акциясы демеушілерді марапаттау	7.11.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Әлеуметтік педагог
6	«Жол тәртібін бұзбайық!» дебат	5-8 сыныптар	пікірталас	13.11-17.11.23	ҚР Ішкі істер министрлігі жол полициясы	Дебат фракциясы
7	Тұнгі қаладағы балалар тақырыбындағы рейдтік шаралар ұйымдастыру	9- сынып	рейд	13.11-17.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО 1-11 сынып жетекшілері

8	Интернет желісінде балалар порнографиясы, зорлық зомбылық қатыгездік, суицид, лудомания құқық, қайшы контенттің таралуын болдырмау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	5-9 сынып	Хаттама	13.11-17.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекшілері Психолог,әлеуметтік педагог
9	Балалардың өмірге құштарлығын арттыру бағытында «Өмір адамның басты қазынасы!» тақырыбында, мектепішлік аналар және әкелер одағы мүшелерінің қатысуымен 8-11 сынып оқушылары арасында және ерекше қажеттілікті қажет ететін оқушыларды қатыстыра отырып дәңгелек үстел өткізу		Анықтама	13.11-17.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекшілері Психолог,әлеуметтік педагог, дефектолог
10	«Тоғызқұмалақ-day» «Ұлттық мектеплигасы» жобасы «Мектеп спортының үздігі» жоғарыайырым белгісін енгізу	1-6 сыныптар	сайыс	13.11-17.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Дене шынықтыру пән бірлестігі, спорт фракциясы
11	«Dombra party» /Домбыра үйірмесіне қатысуышылар/		Анықтама	13.11-17.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	Музыка пән мұғалімі,
12	Сыбайлас жемқорлықта қарсы дуниетанымды	9 сынып	Түсіндірме жұмыстары	15.11.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО ҚББП «Адал үрпак»

	қалыптастыруға бағытталған «Саналыұрпақ» және «Адал үрпақ» клубтары					клубы
13	Өз құқығынды білесің бе?	9 сыныптар	анықтама	15.11.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО ҚББП
14	19 қараша «Темекі шегуге қарсы» күні «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!»	5-9 сыныптар	Флешмоб Анықтама	16.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Тәлімгер
15	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбекі адаптациялық жобасы»)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сыныпсағаты	17.11.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
16	«Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Асық ойыны» үлттық жарысын үйымдастыру	1-9 сыныптар	челлендж	17.11.2023ж 12:00	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО 1-11 сынып жетекшілері, деңгээлдер, шынықтыру пән мұғалімдері, спорт фракциясы
17	20 қараша – Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай іс-шара «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» Лудомания, булинг, кибербулинг	1-9 сыныптар	онкундік	20.11-30.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Психолог, әлеуметтік педагог, аяжан
18	«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер байқауын үйымдастыру (І кезең)	4-9 сыныптар	әскери-патриоттық әндер фестивалі	22.11.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Музыка мұғалімі, БӘД жетекшісі
19	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, «Балалар мен	1-9 сыныптар	Кездесу теолог сағаты жарнамалық	24.11.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Психолог

	жасөспірімдерді интернет – кеңістікте деструктивті қауымдастықтарға тартылуының алдын алу» «Қазақстандағы дәстүрлі емес діндер» (<i>«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы</i>)		акциялар, тұрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челлендждер			
20	«Әкем айтқан нақылсөз...»	2 сынып	тәрбие сағаты	28.11.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
21	«Өнегелі өмір» «Бабалар салған ізімен...» «Әлемді бағындырган жерлесіміз» (<i>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы</i>)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-9 сыныптар	Тәрбиесағаты	30.11.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
22	Ақылды бейсенбі мектеп спортшыларын үлықтау	8-9 сыныптар	тәнімдышқа сағат	20.11-30.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО тәлімгер
24	Қазақтың қара нары – Ұ.Қараманов	7-8 сыныптар	музейінде тәнімдышқа сағат	27.11.2023	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Мектеп Парламенті
25	Өмір адамның басты қазынасы	9 сыныптар	суицидтің алдына алуға байланысты тәрбие сағаттар	20.11-30.11.23	Арал ауданының білім бөлімі	Сынып жетекшілер

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛ!»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Iс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар
1	«Тарих пен тілтамырлас» «Жеткіншектің Жемі жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сахналық қойылым	04-08.12.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Мектеп театры Досжанова М
2	«Ұрпақ болашағы –ұстаздан» «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» «Үздік педагог» жобасы	1-9 сыныптар Жас мамандар мектебі	конкурс педагогтармен кездесу, сұбаттасу, тәлімгерлік жасау	5.12.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі
3	«Тәуелсіздік ел бақыты!» онқүндік «Көк тудың желбірегені» «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» «Жеңісімді Тәуелсіздіккеарнаймын!» «Жеткіншектің Жемі Жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-6 сыныптар	Патриоттық тәрбие апталығы	11-15.12.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Тарих бірлестігі
4	«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Болашаққа хат»	8-9 сыныптар	шығарма жазу	12.12.2023	Арал ауданының білім бөлімі	Қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімдері
5	Ауданға белгілі суретші Н.Баловпен кездесу	8-9 сыныптар	кездесу	12.12.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	тәлімгер
6	«Ер бала тәрбиесі -ертеңгі сәтті отбасының кепілі» Әкелермен бір үзік сыр	7-9сыныптар	Әкелермен кездесу	19.12.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Ер балалар клубы
7	«Ұлттық рух –тәуелсіздік	9 сынып	ашық тәрбие	13.12.2023ж		Әнесқызы А

	тірегі»		сағаты			
8	«Жасыл шырша жанында»	1-9 сыныптар ЕББҚ окушылар	ертеңгіліктер	25-28.12.2023ж	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі
9	Қысқы демалыс «Дені саудың рухы сау»	ұстаздар	эстафета	03.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ҚББП
10	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іскеасыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуда білім ұйымдарымен бірлесе спортық ойындар өткізу	5-9 сыныптар	сайыстар	03-05.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Дене шынықтыру пәні бірлестігі
11	«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында II тоқсанның аяқталуына байланысты ата- аналар жиналышы «Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ата-ананың рөлі»	ата-аналармен коучинг	жиын	03-05.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші

ҚАНТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Кысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар
1	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» (<i>«Еңбегі адаптациялық жобасы»</i>)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	11.01.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Көркем еңбек мұғалімі, тәлімгер
2	«Қызы намысы – ұлтнамысы» (<i>«Ата-аналар мектебі» жобасы</i>)	8-9 сыныптар	Аналар мектебі	11.01.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Кыздар клубы
3	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары мен сыныптарының тәрбиеленушілері;	9- сыныптар	Ашық есіккүні	12.01.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	АӘП ұйымдастырушы жетекшісі «Жас Сарбаз» қозғалысы
4	«Мен оқыған бірертеңі» (<i>«Оқыға құштар мектеп» жобасы</i>) «Парасаттылық туралы» (<i>«Оқыға құштар мектеп» жобасы</i>)	1-4 сыныптар 5-7 Сыныптар 8-9 сыныптар	Сыныпсағаты	12.01.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Кітапхана шылар
5	Туған өлкө ақын жазушыларының шығармалары (<i>«Жеткіншектің Жемі жарғысы»</i> жобасы)					Жумалиева А

6	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» («Еңбекі адаб жас өрен» жобасы)	7-9 сыныптар	Ғылыми жобалар	15.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі Бейін орынбасары
7	«Ұлттық ойын - ұлтқазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-6 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	16.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Дене шынықтыру бірлестігі, спорт фракциясы
8	«Әкеңнің төріне сенбек, еткен еңбекіне сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	8-9 сыныптар	«Әкелер» клубы	18.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Әкелер клубы
9	Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл толуына орай «Ұлының ұлы болуы үлкен жауапкершілік»	8-9 сыныптар	сынып сағаттары, сыныптан тыс шараптар	18.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Тарих бірлестігі
10	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, кудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу, Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, кудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	7-9 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар	24.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Медиация, психолог, әлеуметтік педагог
11	Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл толуына орай «Ұлының ұлы болуы үлкен	6 сынып	ашық тәрбие сағаты	17.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Ақбергенова А

	жауапкершілік»					
12	«Ұлы тарих кемел келешекке жетелейді» Төле бидің туғанына 360 жыл	8 б	ашиқ тәрбие сағаты	18.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Егізбаева Ж
13	«Сұлтан Бейбарыс – Ұлы дала елінің барысы»		ашиқ тәрбие сағаты	22.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Шыныбекова Ж
14	«Тоғыз айға 9 іс- шара» жобасы аясында «Қазақ есебі»	5-7 сыныптар	интеллектуалды сайыс	25.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Математика пәнінің мұғалімдері
15	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-9 Сынып ата аналар арасында	байқау	26.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші, тәлімгер
16	«Біз жемқорлыққа қарсымыз!» («Жеткіншектің жетілжарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Коррупцияға қарсы стандарт	31.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	«Адал ұрпак» ҚББП
18	«Тазалық денсаулық кепілі» «Жеке бас гигиенасын сақтау» «Ішімдіктен біз алшақпыш!»	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар	ақпараттық сынып сағаты	31.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші, аяжан
	«Оқуға құштар мектеп »жобасы бойынша «Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша «Парасаттылық туралы» Т.Әбдіктің «Парасат майданы»	8-9сынып	Сынып сағаты	31.01.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Кітапханашылар

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Үйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» (<i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i>)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	07.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Кітапханашы Жұсіп Б
2	«Поэзияның асқар шыңы Мұқагали»	1-9 сыныптар	Поэзия кеші	08.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Тәлімгер М.Қожағұлов
3	«Мақал – сөздіңазығы, жұмбақ – ойдыңқазығы» (<i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i>) «Қауіпсіз интернет» (<i>Галамтор ұлттық жобасы</i>) «Ауганның асуында от кешкендер» (<i>Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы</i>)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар	Сыныпсағаты	13.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Үсенқұлова Н
4	«Мен және менің полицейім» «Сен өз құқығынды білесің бе?» «Сен және Зан» (<i>Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы</i>)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-9 сыныптар	Сыныпсағаты	16.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Ізбасқанова А
5	«Мектептегі мінез-құлыш ережелері» (<i>Жеткіншектің жеті жарғысы») дебат</i>	1-9 сыныптар	дебат	16.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Дебат фракциясы
6	Кибербуллинг. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифирлық	5-9 сыныптар	Ашық ақпараттық сабактар	20.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Психолог, әлеуметті

	сауаттылығын қамтамасыз ету.					к педагог
7	Абайдың «Толықадам» ілімі <i>(«Балалар кітапханасы» жобасы)</i>	Театр мүшелері	Сахналық қойылым	21.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Мектеп театры, тәлімгер
8	Республикалық «Айбын» жастар слеті	«Жас сарбаз»	жастар слеті	21.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	АӘП ұйымдастыруышы жетекшісі «Жас Сарбаз» қозғалысы
9	«Үйрен жақсыәдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-5 сыныптар	Ата-анасағаты	22.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
10	«Тұмаудан сақтанайық» вирустық жұқпалы аурулардың алдын алу «Зиянды әдемтерден аулақ бол»	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	23.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі, жергілікті денсаулық сақтау үйимдары	ДТЖО Аяжан, сын жетекшілер
11	Оқуға құштар мектеп» жобасы «Сүйікті кітабым» көрмесін ұйымдастыру оқуғақұштармектеп #люблючитать #моялюбимаякнига	1-9 сыныптар	челлендж	28.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Кітапханашы
12	«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Тұлпар мініп ту алған»	5-9 сыныптар	батырлар жырын оқу эстафетасы	29.02.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атаяуы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар
1	«Алғыс айту парызым» (<i>«Оқыға құштар ұлан» жобасы</i>)	1-9 сыныптар	Акция, мерекелік кеш	1.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	Тәлімгер
2	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды»	1-9 сыныптар	Сыныпсағаты Өзін өзі басқару	6-7.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Мектеп парламенті
	Мамандықтар атласы:жаңа мамандықтармен таныс болыңыз	9 сыныптар	ашық тәрбие сағаты	12.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	Тілеулесова А
3	«Үміт сәүлесі» (<i>«Еңбегі ерен жас өрен» жобасы</i>)	5-9 сыныптар	акция	12.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Әлеуметтік педагог Тәлімгер
4	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» (<i>«Ата-аналар мектебі» жобасы</i>)	5-9 сыныптар	көрме	12.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
5	Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу	8-9 сыныптар	Түсіндірме жұмыстары	13.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі, Денсаулық сақтау	ДТЖО Сынып жетекші

	және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды қуруға жол бермеу				министрлігі	
6	«Ұлттық киім –ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-7 сыныптар	Ұлттық киім	14.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
7	«Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	15.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші, музика жетекшісі
8	«Қош келдің Әз Наурыз» онкүндік «Сәлем сөздіңпатшасы» «Атадан-өсисет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердіңмагынасы) «Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-9 сыныптар	Сынып сағаты	15.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
9	Көктемгі демалыс	1-9 сыныптар	Іс-шаралар	21-31.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ҚББП
10	Ерекше білім беру қажеттіліктері барбалалардың қатысуымен «Көнілді старттар»	1-9 сыныптар	спортық іс-шаралар	25-29.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Дефектолог, психология, дене тәрбиесі мұғалімдері
11	«Балалар кітапханасы» Ф.Оңгарсынованың «Даяу»кітабы бойынша	1-9	Сынып сағаты	15.03.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	кітапханашылар

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Фылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар
1	«Өрле Қазақстан» ({«Жеткіншектің Жемі жарғысы»жобасы})	1-4 сыныптар	Ән байқауы	03.04.2 024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Музыка жет
2	«Құстар біздің досымыз»	5-сынып	акция	05.04.	Арал ауданының білім бөлімі	Тәлімгер
	«Достық –көмекпенмықты» «Табиғат тамашалары» ({«Еңбекі адап жасөрен» жобасы})	7-9 сыныптар	Сыныпсағаты	2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Сын жет
3	«Ұлы Дағы мұрагерлері» ({«Жеткіншектің жемі жарғысы» жобасы})	Театр мүшелері	қойылым	09.04.2 024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Мектеп театры, тәлімгер
4	«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Шахмат және тоғызқұмалақ- ұлттымыздың ақыл-ой спорт түрі» #игравшахматы #шахматистыказахстана #шахматойны	1-9 сыныптар	Турнир челлендж	12.04.2 024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО КББП Дене шынықтыру бірлестігі

5	«Сөз қадірі – өз қадірін» ({«Жеткіншектің жесті жарғысы»}) <i>дебат</i>	1-9 сыныптар	дебат	11.04.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Дебат фракциясы
6	«Отбасыммен бірге өткізген қуаныштықұндерім!» ({«Ата-аналар мектебі» жобасы})	1-9 сыныптар	Сыныпсағаты	12.04.2 024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
	«Атадан-өситет, анадан-қасиет»(тыйым сөздердің мағынасы)	5 сынып	ашиқ тәрбие сағаты	08.04.2024	Арал ауданының білім бөлімі	Ерманова Н
7	«Кітапханаға саяхат» ({«Жеткіншектің жесті жарғысы»})	1-7 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	18.04.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Кітапханашы
8	«Қоқысты қайта өндепроцесі» ({«Жеткіншектің Жемі жарғысы»} жобасы)	1-9 сыныптар	Эко челендж	19.04.2 024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Тәлімгер
9	«Үрпақ болашағы – тәрбие мен білімде»	1-9 сыныптар	сынып жетекшілерінің онқұндігі	22.04-03.05	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
10	«Тиімді әрі пайдалытамақтану негізі» ({«Ата-аналар мектебі»} жобасы)	1-9 сыныптар	Дәріс	26.04.2 024ж	Арал ауданының білім бөлімі	аяжан
11	«Әкелер күні» халықаралық мерекесішеберінде «Менің әкем – жақсы адам» ({«Ата-аналар мектебі»} жобасы)	«Әкелер »клубы 5-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	26.04.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші, әкелер клубы
12	1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	30.04.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси құгын-сурғін және ашарышылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихиы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туганына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру үйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Менің гүлзарым» («Еңбекі адаптациялық жобасы»)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	3.05.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Биолог мамандар,экология фракциясы
2	7,9 мамыр - «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сыныпсағаты	6-8.05.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО Сынып жетекші
3	«Медиа time» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Видеороликтер байқауы	6.05.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	ДТЖО «Жас Ұлан» «Жас сарбаз» Тәлімгер
4	«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Жасыл мекен» акциясы #заботаоприроде #посадкадерева #жасылмекен #еңбекқорлық	1-9 сыныптар	челлендж	12.05.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	Жаратылыстану бірлестігі
5	«Оқырмандар отбасы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі, Экелерклубы	Сыныптан тыс іс-шара	13-14.05.2024ж	Арап ауданының білім бөлімі	Кітапханашы

6	«Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-4 сыныптар	конкурс	13-17.05.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	ДТЖО Тәлімгер
7	«Отбасы FEST» («Ата-аналар мектебі» жобасы)отбасы күні	1-9 сыныптар	фестивалі	15.05.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші
8	«Денсаулық FEST»(«Ұлттық мектеп лигасы»)	1-9 сыныптар	маралттау	17.05.2 024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Дене шынықтыру бірлестігі
9	Сыңғырла соңғы қоңырау	1-9 сыныптар	Салтанатты жиын	25.05.2024ж	Арал ауданының білім бөлімі	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Тәлімгер